



Кобенов Абдрахман

1918 жылы Қостанай облысы Амангелді ауданы Ұзынқоға ауылында дүниеге келген. 1941 жылы әскер қатарына шақырылып, Орынбор облысының Бузулук қаласындағы кіші командирлер дайындайтын мектепке жіберіледі. Оқуын бітірген соң 1942 жылдың мамыр айында танкке қарсы зеңбірек взводының командирі етіп тағайындалды. 62-ші Армия құрамындағы 98-ші атқыштар дивизиясы Сталинград майданына жіберіледі.

Соғыстағы ерлігі үшін Қызыл Жұлдыз орденімен, «Сталинградты қорғағаны үшін», «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» медальдарымен және бірнеше мерекелік медальдармен марапатталған. Елге жеңіспен оралғаннан кейін зейнеткерлікке шыққанша мектептерде мұғалім болып, шәкірт тәрбиеледі. Аудандық, облыстық дәрежедегі марапаттармен бірнеше рет марапатталған.

